

63.3(2к)

1941

КАЗАК ҚОҒАМЫ
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДА



Қазақстан Республикасы білім министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті

**ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ
XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДА**

Ғылыми еңбектер жинағы



Қарағанды
1994

Қазақ қоғамы ХІХ ғасырдың екінші жартысында. -
Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1994. б. 267.

ISBN 5-8380-1096-7

Жинақта Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы, оны патшалық Ресейдің саяси-әкімшілік, этно-шаруалық және экономикалық отарлауы, осылардың әсерінен туындаған қазақ қоғамының саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылыстарыдағы және рухани, мәдени салаларындағы оң және кері процестерді жалпыадамзаттық игіліктер тұрғысынан объективті ашып көрсетілген.

Бұл жинақ оқу орындарының ұстаздарына, студенттерге және Қазақстан тарихын оқиян, білейін деп ұмтылған жалпы қауымға арналған ғылыми кітап.

Кест. - 18, әдеб. - 324.

536764

Редакциялық коллегия:

Ш.Р.Момынова – бас редакторы,
С.К.Кентбеков, З.Ө.Өтемісов

Жинақ жоспары 1995 ж., поз. 32

ISBN 5-8380-1096-7

© Қарағанды
мемлекеттік
университеті, 1994

К і р і с п е

Казақ тарихында ХІХ ғасыр мазмұнды оқиғаларға толы бетбұрыс дәуір болды. Бұл дәуірде көшпелі қазақ елі, Еуразияның басқа да көшпелі ұлыстарымен бірге, тағдыр таразысына түсті. Өмір мен өлім арасындағы ұлы додаға түскен елдер үшін таңдау көп болмайтыны баршаға аян. Көшпелілер үшін сән-салтанаты жарасқан алтын бесік туған жер аузы ашық көрге ұқсады. Ұлан дала құмырысқаның көзіндей тарылды. Ең даланы емін-еркін жайлаған, етек-жеңін жимаған қазақ елі тұрмыстың жаңа үлгісін жасауға, замана ағымына бейімделуге мәжбүр болды. Халықтың еркінен тыс батыстан соққан құйын қазақты ескексіз қайықтай қалтылдатып, асау дарияға салып жібергендей болды. Сол замандағы қазақ халқының көңіл күйін Дулат ақын былай білдірген еді:

Құрый ма деп шөб
Замана тарылып бар
Сол себептен жылай

Тұрмыстың нашарлап халықтың
көшпелі қоғамының Ресейдің отарлау
нәтижесінде дағдарысқа ұшырауы себе

Қазақтың көшпелі қоғамындағы д
ертрек басталғанды. Ұлан-байтақ
көшпелілер. Батыс пен Шығыстың
терінің арасындағы дәнекер қызметін
көшпелі өркениет ошағыш қалыпта
орта ғасырлар және тарихтың жаңа ке
дың туының астында адамзат басынан
бы бұлттай өтті де кетті. Бірақ жаңа
қатынастардың, өндіріс тәсілінің со
әкелді. Еуразия құрылығының күре
көшпелі ұлыстардың саяси-әлеуметтік
керуеннен босамайтын ұлы Жібек жо
стың қару-жарағы үңғысын көшпелілер
тобымен қырып, тірі қалғандарын қыр
іздеген, өсімқорлықты кәсіп қылған н

көзі осы деп білген тонаушылар осылай көшпелі ұлыстардың қоныстарына ауыз салды.

Көшпелі тіршіліктің Ішкі дүниетаным мекені, әлеуметтік өмірдегі тепе-тендікке мыңғырған мал өсіруге қолайлы қазақ даласының саяси орнықтылығы біртіндеп әлсірей берді. Көшпелі қазақ қоғамының ішкі тәртібі туыстық қатынастарға негізделгендіктен басқа байланыс түрлері әлсіз дамыды. Мемлекеттік институттардың әлсіз қалыптасуы, рулардың бас асаулығы, сұлтандар арасындағы бақталастық күрес қазақ басшыларының бір тобын Ресейдің қолтығы астынан жылы орын Іздеуге итермеледі. ХІХ ғасырдың бірінші жартысы - қазақ ұлысының өз мемлекеттігінен біртіндеп айрылу кезеңі болды.

1822, 1824 жж. Сібір және Орынбор қазақтары туралы шыққан низамдар Ресейдің әкімшілік-территориялық құрылысын қазақ даласына орнатудың ірі тәжірибесі болды. Орта жүз жерінде дуандар ашыла бастады, орта рулардың көбі болыс атанды. Кіші жүз жері үшке бөлініп сұлтан-правительдердің қарамағына берілді. Қазақ хандарының ту тіккен Туркестан өлкесі Қоқан хандығына бағынышты болды. Сонымен ХІХ ғ. алғашқы жартысында қазақ жерінде іргелі өзгерістер басталды. Оның басталғанының бір көрінісі - қазақ жері Абылай тұсындағы бір тұтастығынан, саяси-тұтастық арқауынан, қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік тәртібінен айрылуы болды.

1867, 1868 жж. қазақ жерін отарлаудың жаңа кезеңі басталды. Сырдария мен Жетісуға арналған 1867 жылғы және Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарына арналған 1868 жылғы Уақытша ережелер Қазақстанның Ресей тәртібіне біржолата енуінің айғағы еді. Түрікстан өлкесі Ресей құзырына қараған соң-ақ қазақ жері ішкі отар есебінде

қарастырылды. Әкімшілік тарапынан болған күрделі өзгеріс шаруашылық - әлеуметтік ағымдардың, ру-тайпалық және жұртшылық қатынастардың жаңа арнаға түсуіне себеп болды. П.П.Румянцев "енді бұдан әрі қазақтың өз тарихы жоқ, да-ла облыстарын мекендеген бұратаналардың - қарын тойғызудың қамындағы ауыл тұрғындарының ғана тарихы бар", - деуіне осы жаңа қалыптасқан жағдай негіз болды.

Тізгіннен айырылған қазақ қоғамы күрделі өзгерістер кезеңіне аяқ басты. Материалдық игіліктер мен әлеуметтік татымдылық туралы, рухани тұрақтылық хақындағы түсініктердің де өзгерген дәуірі осы кез. Алдымен қазақ хандығын саяси түрлаусыз, шарасыз қылған Ресей бодандығы біртіндеп елдің шаруашылық негізін шайқады, әлеуметтік ұйытқысын бұзды, рухани жағыннан тоздырды. ХІХ ғасыр тұтасымен белгілі тұрақты қалыптасқан құрылымнан гөрі өтпелі деп атауға лайықты. Көшпелілердің көне мәдениетінің іргесі бұзылды. Тасталқан болған төңірек, көтерілген тозаң арасынан бураның сұлбесі де көрінбейді. Шортанбай ақын айтқандай:

Еділді алды, елді алды,
Енді алмаған не қалды?
Қараны санап малды алды.
Кетпейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар.
Біздің қазақ сандалды.
Сандалғанның белгісі
Берекет кетті асынан,
Билік кетті басынан, ... дегендей халге ду-

шар болды қазақ халқы.

ХІХ ғасыр қазағының санасын екі түрлі заманның бейнесі биледі. Оның бірі - әуелгі заман-қазақтың бағы басында,

қару-жарағы қасында, ен да лада ақбөкендей еркін жүрген шағы, екіншісі - Дулат пен Шортанбайдың, Әбубәкір мен Мұраттың жырлайтын кері кеткен кер заманы, зар заманы. Әбубәкір:

"Заманым түгіл ел азды,
Ел ішінде ер азды.
Айдын-айдын сулардың
Балығы кетіп, кол азды.
Ойпаң-ойпаң жерлердің
Оты кетіп, жері азды

Заманның түбін барлаймын,
Бұрынғының бірі жоқ,
Жақсылардың күні жоқ,
Соларды жоқтап зарлаймын", - десе Мұрат

ақын:

"Азамат ердің баласы
Айдарына малы жоқ,
Топ көрерге зар болды.
Асылзада баласы
Дәулеті кетіп қолынан
Қоңсысына құл болды" - деп зарлады.

Мындаған жылдық тарихы бар көшпелі қоғам отарлық диірменге түсіп, бидайдай үгілді. "Көшпелі тұрмыстан артық, қызық жоқ", - деп жүрген қауым тіршіліктің баянсыздығынан есі шықты. Қоныстың тарылуы, қара шекпенділердің мыңдап қазақ даласына келуі, саудадағы алдау-арбау көшпелі шаруашылықтың ірге тасын күйретті. Амал жоқ заманға бейімделіп өмір үшін күреске шыққан кешегі көшпелілер отырықшылыққа, егіншілікке кірісті мыңдаған кедей жатақтар өндіріске барды, кәсіп іздеді, байғұс-

қайыршылар, ел карасынан асып, Ресейдің ішкі қалаларына жолданды. Қазақ баласы делдал, алыпсатар болып, базар мен жәрмеңкені айналдырды, пұл жинады. Бұрын орыс оқуынан үркіп-қорқатын қазақ енді өзі тіленіп алыстағы қалалардан білім іздеді. Осы үрдістер халық санасына бірден қалыптасқан жоқ, мысқалдап енді.

Ұлы Абай: "... мен ойлаушы ем: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антүрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп... Енді қарап тұрсам... Еңбек қылып мал табудың жолын да солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына күзғын тамағымыз үшін біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Оның бәрі, бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері" - деп жазған.

Қазақтың кемеңгер ұлы Абай да - өтпелі кезеңнің жемісі. Әуелде Абай қоғамдық пікірде зар - заман туғызған бесік жырының әлдиімен өсті. Өз заманынан тыянақ, тірек таба алмаған Абай бірде:

"Келелі кеңес жоғалды

Ел сыбырды қолға алды", - деп отаршылдық саясаттың зымиян әсерін түсіне қоймай ел мінезінің ұсақтап бара жатқанын, билердің пәтуасыздығын сынаса, енді бірде:

"Қызығы кеткен ел бағып,
Кисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды.
Бас қосылса арысқа

Кім шабады намысқа?" - деп замана туғызған кер тірлікке налып, күйзеледі. Қазақ тарихын жақсы білетін ұлы ақын үшін намыс, келелі түсінік, елдік

қасиеттің белгісі еді. XIX ғасырдағы қазақта жақ, ал XVIII ғасыр қазағының төл қасиеті деп Абай отыз тоғызыншы сөзінде осы намысты атаған. Ұлы ойшыл Абай: "Әуелі - ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруаларымен жүре береді екен... Оны зор тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?"

Екіншісі намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен...

Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі мінезді біржолата жоғалтып алдық... Жұрттықтан кетіп бара жатқаңымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді".

XIX ғасыр өз деңгейіне лайықты азаматтарды көп өсіріп шығарды. Мындаған жылдар бойғы тынымсыз көшпелі тіршілік бір сәт баяулап, арындап аққан тау өзені кең алқапқа жайыла, шалқи, шымырлай түскендей еді. Замана да өзіне сәйкес кең ойлы, терең зерделі, талмай шабатын зиялы қауым тәрбиеледі. Олар тіршіліктің үйреншікті, тапталурын соқпағынан шығып, енді жол таба алмай сасқан бауырластарын тәй-тәй басқан баладай алға жетеледі. Абай осы тәрбиешілер үшін алтын хәкім, ұстаз, пір қызметін атқарды.

"Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,

Замана оны илемек", - деген ұлы ақынның толғанысы, **сыны** ел басына түскен дүбәрә жағдайдан шығаратын темірқазық іспетті.

XIX ғасырда **өз** замандастарынан озып туған дарынды, сәулелі жандар болашақтан жақсы нышан іздеді. Тіршіліктің қайшы жолдары кемеңгерлерге толғаныспен тарихи **шындықты** ерекше зейінмен қайта қазуға, болашақты **сара-**лауға мүмкіндік берді. Мыс, Мұрат ақын

"Бәйіт еттім бұл сөзді

Қайғы шегіп заманнан.

Заман азып не **қылсын:**

Ай орнынан туады,

Күн орнынан шығады.

Бұның бәрі адамнан," - деп адамға, оның ішінде қазақ **баласына** міндет жүктесе, болашақ сипатына көп үнілген Абай бәрі орынында, ата-бабаның салған жолы алдында сайрап жатыр, **өзінді** түзет, **сөзінді** түзет, еңбек ет, білім ал деп жөн сілтеді.

XIX ғасырдың сын көтермейтін жері баршылық. Дегенмен ғаламдық түрғыдан **келсек** қазақтың түскен жолы өзін-өзі ақтайтын, халықты сақтайтын жол. Өтпелі кезең ел басына **көп** зобаланды алып келді - қазақ тыңға түрен салды, орыс мектебінде оқыды, ең бастысы бас билігінен айрылды. Абай дәуірінде ұлы адамдар ортасынан озып туғанымен, оқ бойы алда жүріп, алға бастағанымен тобыр олардың соңынан ере бермеді. Осынау **ұлы** тұлғаны жас күнінде **өмірге** күштар **қылып**, азамат күнінде атқа мінгізіп, ел ісіне араластырған, қайраты қайтқанда жалғыз қалдырған өмір сүрген ортасы.

"XIX ғасыр тығырығынан қазақты алып шығар қандай ем бар?" - деген сауалға көп толғанған кемеңгер.

"Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті,

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек," -

деп жауап берді.

XIX ғасырдың қоғамдық дамуындағы негізгі ағым-капиталистік қатынастар ақыры қазақ жеріне де жетті. Қазақтың тіршілігінің арқауы болған ру құрылымы күйрей бастады, әлеуметтік жік ру түгілі, ата-балаларының арасына сыналап енді. XIX ғасырда қазақ жерінде еуропалың, шығыстың, төл қазақтық мәдениеттер сияқты бірнеше мәдени нұсқалар тоқайласты. Саяси даму үрдістері де бірнешеу еді. Негізгі күшті ағымдардың Ресей ықпалынан ешқанда кете алмайтынны сол кезде белгілі бола бастады. Дегенмен бұл қарым-қатынас бір жақты емес, қайта қойнына сақтаған қарымтасы бар күрделі дүние еді.

Тек тура бір ғасыр өткенде қалың тұман сейіле бастағандай. Қазақтың "елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан" деуі осындай өтпелі кезендердің бірнеше ұрпақ ауыспай оңайлықпен тұрақтанбайтының меңзегендік болар. Ғаламға жар салып XX ғасыр есік ашты. Ол есікке өзге елдермен қатар өркениеттің орнықты анық жолына түскен, шаруашылығын түзеген, әр түрлі кәсіптерді игерген, әлеумет ісін меңгерген көш басшылары бар қазақ елі де асықты. "Оян, қазақ!" - деп тал бесікті тербеткен қазақ кеменгерлері бүкіл

Шығыс рухын оятуды мақсат етті. Үміт оты **қазақ көкжиегінен сығалап тұрған заман еді бұл кезең.** Сондықтанда:

"Қайғыланда соқыр **сорлы**, шекпе зар,
Мен - күн **ұлы**, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннан туған пайғамбар
Күн шығыстан таң келеді - мен келем,
Көк күңіренеді. Мен де **көктей күңіренем.**

Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем," - деп зор жігермен **тебіренді** ұлы Мағжан.

Қазақ елінің XIX ғасыр сынынан өткені XX ғасырдың басындағы кең көлемде жүргізілген статистикалық зерттеулерінен көріне бастады. Қазақ енді құрып кету халінде отырған халық емес, өсетін, өнетін, адамзат өркениетіне үлес қосатын халық екені белгілі болды. XIX ғасыр қазанына бұла мінезді көшпелі тұрмыспен түскен қазақ халқы XX ғасыр табағына тұтас ұлт болып түсті.

"... Қазақтың жаңа жағдайға төлесе кеткіштігі, шаруашылығын сол өзгерістерге жылдам бейімдей қоюы, яғни қазақтың табиғи және экономикалық жағдайға **бейімделгіштігі** - бұл халықтың ең бір мықты қасиеті. Бұл қасиеттер **қазақтарды тосын мәдениетпен кездескенде құрып кетіп жатқан басқа бұратана халықтардан** ерекшелеп, оның жойылып-жоғалып кетпеуіне кепілдік беретін негізгі шарт" - деп жазды Л.К.Чермак.

Қазақстанның XIX ғасырдағы тарихына арналып жазылған Евней Арыстанұлы Бөкетовтың атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті тарихшыларының бұл еңбегі бірнеше мерейлі тойлардың қарсаңында шыққалы отыр. Алдымен айтарымыз: XIX ғасыр-қазақ тарихында сүбелі орыны бар алпау-

ыт кезеңдердің бірі. ХІХ ғасыр ұлы Абайды тудырған ғасыр болғандықтан төл тарихымыздан ерекше сыбаға алмақ.

Ұлы Абай тойымен қатар қазақ зиялы қауымы Евней Арыстанұлы Бөкетовтың мерей тойыныңда 1995 жылы ететінің ескерді. Еліміздің тәуелсіздігін, өз бетімен мемлекет құрғанын, дүние жүзі қауымдастығына терезесі тең болып енгенін аңсай күткен, сол үшін ерен еңбек сіңірген ғұлама ғалым, қадірлі ұстаз, аяулы азамат Ебекендей болсын! Қазақ тарихы, әдебиеті дегенде ішкен асын жерге қоятын осынау зор тұлғаға, кемеңгер қайраткерге өзіміздің аздаған еңбегімізді арнадық.

Бұл кітап бірнеше ғалым-ұстаздардың қаламынан шыққан дүние. Ұжымдық монографияның негізі Қазақстан тарихы кафедрасында қаланып, оған Ежелгі дүние тарихы, археология, этнология кафедрасының, басқа да кафедралардың оқытушылары ат салысты.

І ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

§ 1. Ортаазиялық хандықтардың қоластындағы қазақтар ХІХ ғ. ортасында

ХІХ ғасырдың ортасындағы Ресей құрамына негізінен Кіші жүз және Орта жүздің солтүстік-батыс жерлері кірді. Арал теңізі мен Сырдария өзенінің төменгі ағысында көшіп жүрген қазақ Шөмекей, Шекті, Төртқара руларын және Үстірт ауданындағы Адайларды Хиуа хандығы жаулап алды. ХІХ ғ. 30-жылдарында Хиуа күшті мемлекетке айналып, солтүстікте шекарасы Сырдарияның Арал теңізіне құяр сағасынан оңтүстік-шығыста Ауғанстанмен шектесті .

Әсіресе қазақ жерлерінің хиуалықтардың қатты шапқыншылықтарыша ұшырауы Мұхаммед Рақымның (1806-1825) кезінде болды. Бұл кезде Хиуа хандығының бірігуі аяқталып, жоғарғы кеңес құрып, салық реформаларын жүзеге

асырып, көршілес жатқан қарақалпақ және арал манайындағы қазақ жерлерін басып алды.

Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы құнарлы егіндік және шабындық жерлерін басып алып қана қоймай хиуалықтар Жемге (Әмбаға) дейінгі қазақ жерлеріне үмтылды.

1812, 1816, 1820 жылдардағы Мухаммед Рақым қазақтардың жайылым жерлерін қаталдықпен тонап, үлкен зардап шектірді. Әсіресе 1820 ж. шапқыншылығы өте ауыртпалық әкелді. Онда бірнеше жүздеген қазақтар өлтіріліп, 1 мыңдай әйелдер тұтқынға, 65 мың қой, 15 мың түйе, 7 мыңнан астам жылқы айдап әкетті .

Қазақ жұршылығында Хиуа ханы Мухаммед Рақымға деген жек көрушілік арта түсті. "Мухаммед Рақымға деген жек көрушіліктің шектен шыққаны сонша тіпті өлімші ханның қаның жерге тамызбай кезектесіп, сорды" - деп бір қырғыз (қазақ) өзінің көргені жайында Бутаковқа айтқан.

Хиуаның күшті атты әскерлеріне қарсы қазақтардың әскери дайындығы бар күштері болмады. Жау жағы зеңбіректермен қаруланды. Хиуалықтар бекіністер салу өнері бар епті атқыштарын орналастырып, өте дәлдікпен қарсыластарың жойып отырған. Тіптен мергендіктің ұшталуын бір хиуалық мақтанышпен: "Мергендер құмырсқаның көзіне дәл ата алады", - деген екен. Ал қазақтардың бекіністері де, тұрақты әскері де болмады.

Мухаммед Рақымның мирасқоры Алла-Құлдың кезінде Хиуа хандығының қазақ жерлеріне тонаушылық шапқыншылықтарыш одан әрі жалғасты. Өкінішке орай қанша қазақ руларының Хиуа қоластында болғандығы туралы мәлімет жоқ .

Егерде ХІХ ғасырдың басындағы Хиуа хандығының жаулап алушылық саясаты феодалдық ақсүйектердің мүддесіне бай-

ланысты болса, ал 40-50 жж. басқаша мақсат көздеді. Хиуа ханы бұл уақытта қазақ жерлерінің Ресейге қосылуына басынша қарсы шараларды жүзеге асырды. Ұлы жүз бен Орта жүздің территорияларын басып алып, өздерін Ресейден бөліп тұрған қорғаныс бекеттерін салуды көздеді.

Қоқан ханының әскерлері бейбіт қазақ жерлеріне үнемі шабуыл жасап тұрды. Қоқан хандығы XVIII ғ. аяғында өзінің қалыптасу жағдайында көлемі жағынан Фергана мен Ходжент алқаптарындағы жерлерді ғана иленген еді. Қоқан хандығын біріктіруші Әлімхан (1799-1809) болды. Ол күшті біртұтас мемлекеттің болуын көксеген" еді. Өзінің билік жүргізген тұсында Әлімхан үздіксіз соғыстар жүргізді. Өзінің басып алушылық әрекетін ұсынып Ұлы жүздің жайылымдық жерлерін, Шымкент, Сайрам және Құрама қалаларының маңайындағы далалық аудандарды тартып алды. Оған жұртшылық тарапынан "Зұлым", "қорқау барыс" деген жаман ат тағылды .

Айлакер, баққұмар және қатал феодал Әлімхан өзінің қатал (деспоттық) үкіметін жаулаушылықпен нығайтпақ болды. Оның қоластына түскен халықтар зорлық-зомбылық көрді. Бұқар жылнамашысы: "қанауға түскендердің ыңыранған дауыстары көктегі шоқ жұлдызға дейін жетіп, барлығы құдайдан ханға өлім тіледі", - деп жазды.

Әлімхан Ташкент пен Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуды өзінің таяудағы міндеті етіп қойды.

1809 ж. көп жылдар өзбектер мен қазақтардың саяси-экономикалық орталығы болған Ташкентті алған соң Әлімхан өлтірілді. Қазақ жерлеріне үнемі шабуыл жасау үшін Ташкентте өзіне қаратқан қоқандықтар оны қолайлы стратегиялық база еткісі келді. Ұлы жүздің батыс бөлігі және Кіші жүздің оңтүстік жайылымдары Қоқан хандығына бағынды.

Омар ханда (1809-1822) қазақтарға қарсы өршелене жүзеге асырған жаулау саясатын жалғастырды. Қоқан Сайрам, Шымкент, Әулиеата жерлерінде бағындырды. Қоқан билігін Жетісу султаны Әділде мойындады. Омар хан сонымен қоса Түрікстан қаласын және Сырдария өзенінің орта ағысына дейінгі жерлерді басып алды.

Қоқан шапқыншылығына Қазақстанның бүкіл оңтүстік және оңтүстік - шығысының бір бөлігі ұшырады. ХІХ ғ. 20-жылдарында Қоқан хандығының қоластына 150 мыңдай қазақ отбасылары қарады. Олар Бестаңбалы, Сиқым, Шымыр, Жаныс сияқты рулардың қазақтары еді. Бұл рулардың сандық құрамы мен қанша жерлерді қамтығандығын төмендегі № 1 кестеден байқауға болады.

1 - кесте

Қоқан хандығы қоластындағы қазақ сандық құрамы және мекендеген жерледі

59
6764

Ру аты	Үй саны (мың есебімен)	Қысқы және жаз қоныстары
Бестаңбалы	35	Қыста: Талас, Шу өзендері аралығы, Қара Құм Жазда: Қаратаудың екі жақ бөктері
Шымыр/Сиқым	9/5	Қыста: Шу өзенінің сол жағасы Жазда: Арыс өзені мен Боралдай
Жаныс	7	Қыста: Қазы құрт тауы, Келес өзені Жазда: Ақсу өзенінің бастауы, Сайрам Бадам.

Омар ханның мұрагері Мәделі ханда (1822-1842) оның жаулаушылық саясатын жалғастырды. Оның тұсында Қоқан ауыр жағдайда болды. Ел ішіндегі қанды бәсекелестік және тайпааралық қырқыстар, ақсүйектердің шектен тыс озбырлық

қанауының күшеюі, халық бұқарасының бой көрсетуі белең алды. Бас көтерулер өте қаталдықпен басылып отырды. Оның үстіне хандыққа көршілері тарапынан, әсіресе Бұқар эмираты тарапынан қауып төнді. Қоқан басшылары көрші қазақ және қырғыз тайпа-рулары жерлеріне әскери бекіністер салып, жаңа жерлерді басып алумен елдің ауыр экономикалық жағдайын түзетпекші болды. Мәделі хан тұсында қазақ жерлеріне Қоқан үстемдігін орнату үшін керуен жолы бойында Көш қорған, Шым-қорған, Құмыш-қорған, Ақмешіт, Жөлек, Жаңа-қорған, Созақ және басқада бекіністер салды. Қоқандықтар далалы жерлерден таулы жайылымдықтарды кесіп тастап, қазақтарды өздерінің тікелей бағыныштылығына түсірді. Бекініс орындарындағы әскери бөлімдердің сүйемелдеуімен Қоқан әскер басылары, молладары, саудагер алып-сатарлары, алым-салық жинаушылары маңайларындағы қазақтарды адам айтқысыз қанауға түсірді.

Құдияр ханның (1845-1875) тұсында Қоқан иеліктері солтүстік-батысында Қармақшы алқабынан шығысында Іле озеніне дейін, ал солтүстікте Ұлытауға дейін жетті. Құдияр хан сонымен қатар Қырғыздардың солтүстік бөлігінде басып алып, Бішкек, Тоқмақ бекіністерін салды.

Аса маңызды керуен жолдары өтетін Ұлы жүз бен Алатау қырғыздарының жерлері Қоқан хандығының жаулап алу саясатының объектілеріне айналды.

Хиуа мен Қоқан жаулап алған жерлерде феодалдық қанаудың қатал жүйесі орнады. Қазақтар Хиуа және Қоқанның сансыз зорлық-зомбылығы мен қыспағына ұшырады. Болмашы қарсылық көрсетіле қолса, жат жерліктер тарапынан аяушылық болмады: ауылдар тоналды, халықты тұтқынға әкетті, балаларды өлтірді. Әсіресе салық езгісі өте ауыр болды. Хиуа хандығына қараған жерлердегі әр үй басы-

нан, 15 тен 45 сомға (орыс ақшасымен) дейін салық жиналды. Ханның жылдық табысы 3 млн. сомға жеткен. Қоқан биелеушілері тек бір ғана Шымкент уалаятынан жылына 80 мың сом күміс түрінде зекет алған. Южковтың мәліметі бойынша жылына Бестаңбалы руларынан жылына 8-10 мың қой, сырғеліліктерде 6-8 мың қой, Сиқым, шытмыр және жаңыс руларынан 2-2,5 мың қой зекет алған.

Жер шаруашылығымен айналысатын тұрғындардан астыққа салынатын. Харадж арқылы қоқандықтар астықтың 1/3 алып отырды. Харадж отындық ағаш, көмір түрінде салынды. Әрбір шаңырақтан жылына 24 қап көмір, 4 тең сексеуіл және 1 мың бау қамыс салынды.

Салықтан басқа қазақтар феодал шаруашылығында (барщиналық) жұмыстарда атқарды. Олар егін алқаптарында жұмыс істеді, бекініс қабырғаларын жөндетті, атқораларды, т.б. тазалады. Онан басқа соғыс қимылдары жағдайында бектерге әрбір қазақ өзінің атымен, қару-жарағымен келуге міндетті болды. XIX ғ. 40-50 жылдарында жергілікті қазақ, өзбек және қырғыз жұртшылығы Қоқан феодалдарына салықтың 20-дан артық түрінен салық төлеп тұрды. Далалық және Троицкий бекіністерінің маңындағы Орта жүздің қазақтары өз балаларын құлдыққа сатуға дейін барған. Көшу кезіндегі "Қоқандықтар жасаған озбырлықтар оған тікелей себеп болды. Әсіресе Құдияр хан тұсындағы оған бағынған елді мекендер тұрғындары әбден зәбір көрді. Ол баю мақсатында Сырдария бойындағы қазақтарға жиі-жиі шабуыл жасап, тонап отырды. Мысалы, 1849 жылы Шөмекей руынан 1 мың от басы тоналды. 1850 ж. осы рудың қазақтары тағы да тонауға түсті. 1852 жылында Шөмекей руының 150 мың қойын айдап әкеткен".

Езгіге ұшыраған халықтар жауға қарсы әрдайым қарулы қарсылықтар жасап тұрған. Сырдария қазақтары алым-салық жинаушыларды қуып қана қоймай, Хиуа және Қоқан бекіністеріне батыл шабуыл ұйымдастырып отырғанда, 1843 ж. қазақтар Қуаң-Дариядағы Хиуа бекінісін, ал 1845 ж. көктемде осы бекіністі қалпына келтіру үшін жіберілген 2 мыңдық жасақты талқандады.

Алайда феодалдардың арасындағы бәсекелестіктер мен ру-аралық тартыстар қазақтардың Қоқан мен Хиуа езгісінен құтылуына кедергі болды. Сырдария қазақтарының жайлауы бір-бірінен өлшақ жатты. Осы себепті жауға олар бірігіп қарсылық көрсете алмады. Көбіне қазақ ауылдары Қарақұмға немесе Ырғызға кетуге мәжбүр болды. 1846 ж. Хиуа жасақтарының шабуылынан кейін көптеген рулардың старшындары шекаралық орыс үкіметіне оларға бағынған ауылдар ырғызға қарай көшуге мәжбүр екенін, өздерін Хиуа феодалдары езгісінен қорғауды, Хиуаға қарсы күресте көмек көрсетуді сұрап, хат жазды .

Шу жағалауындағы, Әулие-Ата, Шымкент, Түрікстан, Арыс, Мерке, Сайрам, Шолақ-Қорған және Жаңа-Қорған маңындағы қазақтар Қоқан хандығына және оларды жақтаушы қазақ сұлтандарына қару алып қарсы күреске шықты.

Қоқан езгісіне қарсы қазақтардың көтерілістерінің ең ірісі Әулие-Ата маңында 1858 ж. наурызда басталды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші қазақ және қырғыз шаруалары болды. Көтеріліс Шымкенттен бастап Мерке және Бішкек бекіністеріне дейінгі жерлерді қамтыды. Бұл жерлерді Ташкент бегі Мырза-Ахмет билеген еді. Ол қазақтардың жерлерін тартып алып, оны өзінің жақын-жауықтарына таратып берді. Жергілікті қазақтар мен қырғыздардан зекетті аяусыз жи-

нап, ал төлей алмайтын кедей батырақтардың балаларын күштеп құлдыққа сатты. Мырза-Ахмет озбырлығына қарсы болған қазақ, қырғыз жұртшылығының шағымын Қоқан ханы Құдияр жауапсыз қалдырды. Халық назарлығы барған сайын өрши түсті. Ауылдарда қарулы жасақтар жинала түсті.

Көтерілісшілер Токмақта, Шелекте, Әулие-Атада, Шымкентте Қоқан гарнизондарын қоршауға алды. Қоқан феодалдарына қарсы күресте қазақтармен қатар қырғыздарда белсенділік көрсетті. Көтерілісшілердің негізгі күші Әулие-Ата маңында шоғырланды. Мырза Ахмет қазақ күштеріне соққы беріп, көтерілісшілердің екінші орталығы болған Бішкекке әскер жіберді. Бірақ бектің әскері толық талқандалды. Осы уақытта Шымкент маңында көтеріліс бұрқ ете түсті және салық жинаушыны ұстады. Көтерілісшілердің біріккен күштері Мырза Ахмет орналасқан Әулие-Атаны қайта қоршады. Қоршауда қалғандарға көмекке Тәшкенттен жіберілген Қоқан әскерлеріне тойтарыс берілді. Көтерілісшілер тау жолдарын және өткелдерді алып, қалалардың арасындағы байланысты үзді. Мырза Ахмет Қоқан ханына көмек көрсетуді сұрап, шабарман жіберді. Қоқаннан көмек жіберілді.

Қоқан әскерлерінің жақындағанын білген көтерілісші ауылдар Ресей қоластындағы жерлерге көше бастады. Қазақтардың көшуі жаппай сыйпат алды. Көшіп кету Қоқан үстемдігіне, езгісіне қарсы күрес әдісінің бір түрі болды.

1858 ж. мамырда көтеріліс Оңтүстік Қазақстанның басқа да аудандарын қамтыды. Көтерілісшілер Созақ, Мерке, Шолақ бекіністерін алып, Жаңа-Қорған және Түрікстанды қоршауға алды.

Халық қозғалысының өршуінен қорыққан қазақ феодалдары Қоқан бектерімен келісім жасады. Олар көтерілісшілерді сатып кетті. Тарихшы В.Шахматовтың көрсетуі

бойынша, көтеріліс қызған уақытта қонырат руының Қапай биі бастаған 7 қазақ билері Қоқан ханына барады және Құдиярдың қабылдауында болады. Құдияр хан біраз жеңілдіктер жасауға уәде береді. Хан Ташкент билеушісі етіп жексұрын Мырза Ахметтің орнына өзінің інісі Мұрат-Аталықты қояды. Қоқан үкіметі көтерілісшілерге қарсы жаңа жасақтар жіберді. Көтеріліс аса қаталдықпен басылды.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші-Қазақстанның оңтүстік аудандарына шексіз үстемдігін орнатқан Қоқан ханының ауыр отарлық езгісіне душар болған - қазақ шаруалары болды.

Қозғалыстың ұйымдаспағандығы және жоспарсыз сипаты, қазақ билеуші топтарының сатқындық әрекеті, олардың қоқандықтармен келісімі көтерілістің жеңілуіне себеп болды.

1858 жылғы Қоқан езгісіне қарсы қазақтардың көтерілісі өзінің сипаты жағынан халықтық-азаттық прогрессивті қозғалыс болды. Ол қазақтардың Қоқан үстемдігінен құтылуына жағдай жасады.

Шекті руының старшыны Нұрмұхамедұлы Жанқожа батыр бастаған қозғалысында, алғашында ортаазиялық хандықтар үстемдігіне қарсы бағытталған еді. ХІХ ғасырдың 30-жылдарында-ақ ол Хиуамен күресте көзге түскен еді. Хиуалықтардың қудалауынан Қара Құмға көшіп, ол сол жақтан 1835 ж. Хиуаға шабуыл жасап Сырдариядағы Бабажан бекінісін, ал 1843 ж. Қуаң-Дариядағы бекіністі алды. Ол 1845 ж. көктемде 2 мыңдық Хиуа әскерін талқандады. Сырдария қазақтарына Хиуа хандығының үстемдігінің нығаяуына қарсылықты өрістете отырып, Жанқожа батыр сонымен қатар қазақтардың Қоқан үстемдігіне бағынуына да қарсы болды. Қоқанмен Кенесарының 30-жылдардың аяғындағы

күресінде Жанқожа батырдың көмегі осыған дәлел бола алады .

Тарихшылар Жанқожаның жасанды су қоймалар-тоғандар салуды және каналдар қазуды ұйымдастырғандығы туралы мәліметтерді қалдырған.

1845 жылдан бастап Сырдария бойына орыс әскері сала бастаған бекіністерге Жанқожа батыр қарсы болмады. Олардың салынуы орыстар тарапынан Хиуа мен Қоқанға қарсы көмек болады деп те ойлады. Ол 1847 ж. Райым бекінісінің комендантына Қоқаның Жаңа қала бекінісін алуына көмектеседі. 1848 ж. Райым бекінісінің маңында көшіп жүрген қазақтарға Хиуалықтар шабуыл жасағанда, Жанқожаға орыс әскерлері көмек көрсетеді.

Патша әкімшілігі Жанқожаның Хиуа мен Қоқанға қарсы күресін қолдап, хиуалықтар мен қоқандықтардың қазақ жерлеріне бекінуіне қарсылығын қолдап, оны сыйлықтармен арбап отырды.

Қоқан билігіне ұшыраған қазақтар Жанқожаның қоластына ынталана өтті. Жанқожа оларды Қоқанға беретін салықтардан босатты.

Қоқан үкіметі Жанқожаны әлсірету үшін қазақ руларын бір-біріне айдап салды. 1850 ж. Қоқан әскері өздеріне бағынған қазақ сұлтандарымен бірге Жанқожаның иеліктеріне шабуыл жасап, 50 мыңдай малды айдап әкетті. Келесі жылы осындай жорық қайтадан жасалды және Жанқожаның туыстары тағы да орасан зор мал санынан айырылды.

Жанқожа Райым гарнизонының көмегімен Қоқандықтарды талқандап, Көш-Қорған бекінісін алды, Ақмешітке дейінгі Қоқан қоластындағы қазақтарды азат етті.

Онан кейін орыс әскерлерінің Ұлы жүз жеріне дендеп енуі, әскери отарлаудың тереңдеуі, патша әкімшілігінің отарлау са-